шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі;	50 000 000 000	100 000 000 000	50 000 000 000	30 000 000 000	65 000 000 000
шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны;	50 000 000 дана	100 000 000 дана	24 000 000 дана	30 000 000 дана	13 000 000 дана
Облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі;	46 291 076 169т	96 112 515 622т	42 253 518 707т	27 061 171 443т	12 692 277 000т.
Осы облигациялар шығарымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы;	Есептелді 2 431 944 444т Төленді 0,0т	Есептелді 5 879 166 667т. Төленді 0,0т	Есептелді 696 527 778т. Төленді 0,0т	Есептелді 368 333 333т. Төленді 0,0т	Есептелді 17 152 778т. Төленді 0,0т
сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны;	0 дана				
эмитенттің облигациялар ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамауы фактісі туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені),	Жоқ				

<p>орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы;</p>	
<p>облигациялар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) жағдайда, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, қабылдау негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі;</p>	<p>Қолданылмайды</p>
<p>облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда;</p>	<p>Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық. Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ</p>
<p>облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялар олардың ұстаушыларына беретін құқықтар, оның ішінде шектеулер (конвенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып.</p>	<p>Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша облигациялардың номиналды құнынан тіркелген пайызды алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген өзге де мүліктік құқықтарды алу:</p> <p>Облигацияларды ұстаушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алуға; • осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде сыйақы алуға; • облигацияларды еркін ұстауға; • Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Проспектіде көзделген тәртіппен ақпарат алуға; • Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Проспектіде көзделген тәртіппен өзінің талаптарын қанағаттандыруға құқылы. <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуын осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып талап ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген конвенанттар (шектеулер) бұзылған кезде талап ету құқығы:</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар ҚБР туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы;</p> <ul style="list-style-type: none"> • эмитенттің уәкілетті органы облигациялардың делистингі туралы шешімді қабылдауы; • тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебінен Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Эмитент облигацияларының делистингі туралы «шешім қабылдауы;

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

1)	Облигациялардың түрі	Агенттік, купондық, эмиссиялық бағалы қағаздар, қамтамасыз етусіз (бұдан әрі – Облигациялар)
2)	бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның құны индекстелген шама болып табылса, қосымша бір	1 000 (бір мың) теңге

	облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі көрсетіледі)	
3)	облигациялар саны	30 000 000 (отыз миллион) дана
4)	облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге
5)	облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	<p>Эмитент барлық төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі борыш сомалары) қолма-қол ақшасыз жасалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады</p> <p>Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде теңгемен жүргізіледі.</p> <p>Төлем жасау кезінде Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем жасау күнінен дейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда, теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға рұқсат беріледі.</p> <p>Аталған айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигациялар ұстаушының есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасы резиденті - Облигациялар ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға рұқсат берілмейді.</p> <p>Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигациялар ұстаушыға аударылуға жататын сомандан ұсталады.</p>

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигацияларға ақы қолма-қол ақшасыз жасалатын нысанда ақшамен төленеді

5. Облигациялар бойынша кіріс алу

1)	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, қосымша облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі көрсетіледі)	Бүкіл айналыс мерзіміне тіркелген облигациялық номиналды құнынан жылдық 9,5% (тоғыз бүтін оннан бес пайыз) мөлшерде.
2)	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күндері	Сыйақы төлеу Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде жылына бір рет, Облигациялар айналысы басталған күнінен бастап әрбір 12 (он екі) ай өткен соң жүргізіледі. Купондық сыйақыны соңғы рет төлеу облигацияларды өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
3)	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады және облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде – олардың айналысының бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін жүзеге асырылады.

		Облигацияларды орналастыру бойынша Бірінші өткен сауда-саттықтың қорытындысы бойынша айқындалған Облигациялардың айналысы басталған күні туралы ақпаратты Эмитент өзінің корпоративтік сайтында www.kfu.kz және «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында www.kase.kz . жариялайды.
4)	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	<p>Сыйақы төлеу Облигациялар ұстаушылары тізілімінде Тіркеу күні тіркелген Облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде ақша аудару арқылы (теңгемен) жүзеге асырылады.</p> <p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күннің басында (Орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыты бойынша) (бұдан әрі –«Тіркелген күні») Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.</p> <p>Сыйақыны төлеу Тіркелген күні Облигациялар ұстаушылары тізілімінде тіркелген Облигациялар ұстаушылардың банк шоттарына Тіркелген күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күні ішінде ақша аудару (теңгемен) арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Төлеу күніндегі сыйақы номиналды құнының және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі.</p> <p>Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында айқындалады.</p> <p>Сыйақыны соңғы төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.</p>
5)	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу бүкіл айналыс мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн құрайтын уақыт негізінің есебінде жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қосымша мыналар көрсетіледі:

- 1) **ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсуі талаптары және болжамды мерзімдері;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 2) **облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 3) **бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі.**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.

7. Секьюритилендіру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде қосымша мыналар көрсетіледі:

- 1) **оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 2) **секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 3) **талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары, тәртібі мен мерзімдері, және олардың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 4) **бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 5) **секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметтерді төлеуге байланысты шығыстар, және арнайы қаржы компаниясына осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқық беретін талаптар;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 6) **оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 7) **секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдамасы;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 8) **талап ету құқықтарының біртектілігі белгілері;**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.
- 9) **облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі**
Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығару жобалық қаржыландыру болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі

1)	облигацияларды орналастыру басталған күн	Облигациялардың айналысы басталған күн Облигацияларды орналастыру басталған күн болып табылады
2)	облигацияларды орналастыру аяқталған күн	Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні облигацияларды орналастыру аяқталған күн болып табылады.
3)	облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланып отыр.

9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі

1)	облигацияларды орналастыру басталған күн	«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Облигацияларды орналастыру бойынша Бірінші сауда-саттықты өткізу күні Облигациялар айналысының басталған күні болып табылады
2)	облигацияларды орналастыру аяқталған күн	Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күні Облигациялар айналысының аяқталған күні болып табылады
3)	айналыс мерзімі	Облигациялар айналысының мерзімі Облигациялар айналысының басталу күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) жыл құрайды
4)	облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигациялар айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланып отыр

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі

1)	облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.
2)	облигацияларды өтеу тәсілі	негізгі борыш сомасын өтеу және купондық сыйақыны төлеу Облигациялар ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес Облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады
3)	егер Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы көрсетіледі	Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын өзге мүлдіктік құқықтармен төлеу көзделмеген.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:

1)	облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары	Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде кез келген күні облигациялар сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алуы бағасы, тәртібі, талаптары және мерзімі Эмитенттің
----	--	---

		<p>Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.</p> <p>Облигацияларды сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған облигацияларды олардың айналыста болу мерзімі ішінде бағалы қағаздар нарығында қайта сатуға құқылы.</p> <p>Сатып алу сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тын қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылады</p>
2)	облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері	<p>Эмитент облигацияларды Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сатып алады. Эмитент, Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушыларға Директорлар кеңесінің осындай шешімі туралы «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz, Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында, Эмитенттің www.kfu.kz корпоративтік сайтында орналастыру үшін Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигациялар ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерінің тізбесін көрсете отырып, жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы хабарлайды</p>

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

1)	Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы	<p>Осы Шығарылым проспектісінде белгіленген Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент мынадай талаптарды сақтауға тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігінің аудиторлық есептерін ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу, аудиторлық компанияның осындай есепті Эмитентке беру мерзімдерін бұзған жағдайларын қоспағанда
2)	эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі	<p>Эмитент барлық Облигацияларды ұстаушыларға Эмитент қабылдаған және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделмеген кез келген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылғаны туралы бұзушылық болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.kfu.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында хабарламаны орналастыру арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және «Қазақстан</p>

		<p>қор биржасы» АҚ ішкі талаптарында белгіленген тәртіппен хабарлайды.</p> <p>Сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған және /немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, сатып алу күніне Облигациялар бойынша негізгі борышқа сәйкес келетін баға бойынша, немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, қай шама жоғарырақ болуына байланысты облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін Эмитент осы шешімді Облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің (www.kfu.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасында, Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен хабарламаны орналастыру арқылы ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлайды</p> <p>Эмитент облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімін жариялағаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Сатып алу Облигациялар ұстаушылар ұсынған жазбаша өтініштері негізінде ғана жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар ұстаушылардың Эмитенттен өзге де мүліктік баламаны не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.</p>
3)	Облигациялар ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі	<p>Осы Проспектіде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Облигацияларды ұстаушы хабардар болған/ бұзушылық туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке еркін нысанда барлық қажетті төменде көрсетілген деректемелерді көрсете отырып, өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты ұсыну арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <u>Заңды тұлға үшін</u>: облигациялар ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі • <u>Жеке тұлға үшін</u>: облигациялар ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні мен берген орган, тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі. <p>Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы талаптарды ұсынбаған Облигациялар ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды осы Проспектіде көзделген тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өтеуге құқылы.</p>

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі

1)	облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын анықтау тәртібі, осы акциялар бойынша құқықтар	Осы шығарымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды
----	---	--

2)	облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде облигациялар жойылуға жататыны көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының бұдан әрі орналастырылмайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)	
----	---	--

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық не ішінара қамтамасыз ететін эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1)	осы мүлктің бағасы көрсетілген шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы	Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі осы шығарылымының облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады
2)	қамтамасыз ету бағасының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы	
3)	кепіл затын өндіріп алу тәртібі	

15. Кепілдік берген банктің деректері, атауы, орналасқан жері, кепілдік туралы шарттың деректемелері, кепілдіктің мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Қолданылмайды, екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі Облигациялардың екінші шығарылымның облигациялары бойынша банк кепілдігі жоқ

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Қолданылмайды, екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі Облигациялардың екінші шығарылымның облигациялары бойынша банк кепілдігі жоқ

17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1)	эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаты	Эмитент Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты екінші деңгейдегі банктерден «7-20-25. Әрбір отбасына баспана арудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бағдарламасы шегінде берілетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алуға жұмсайды.
2)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі	Қолданылмайды, екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бірінші шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Қолданылмайды, екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бірінші шығарылымның облигациялары бұрын орналастырылған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигациялар ұстаушыға берілетін құқықтар

1)	<p>эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүлiктiк баламасын алу құқығын, сондай-ақ ол бойынша облигациялардың номиналды құнының белгiленген пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгiленген өзге де мүлiктiк құқықтар алу:</p> <p>Облигациялар ұстаушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияның номиналды құнын алуға; • осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде сыйақы алуға; • облигацияны еркін ұстауға; • Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіде көзделген тәртіппен ақпарат алуға; • Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіде көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыруға құқылы.
2)	<p>эмитенттің облигацияларды сатып алуын, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде талап ету құқығы, осы құқықты жүзеге асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып:</p> <p>Облигациялар ұстаушылар «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - «БҚР туралы Заң») 15-бабы 2-тармағында көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы. Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша Облигацияларды жинақталған купондық сыйақыны ескергенде осындай сатып алу күніндегі Облигациялар номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алуға міндетті.</p> <p>Облигациялар ұстаушылар БҚР туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Эмитенттің сатып алуын талап етуге құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттің уәкілетті органының облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдауы; • тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжатында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдауы; <p>Эмитент жоғарыда көрсетілген жағдайлардың туындау күнінен кейінгі күннен бастап 3(үш) жұмыс күні ішінде облигациялар ұстаушыларға осындай фактінің басталуы туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында және Эмитенттің www.kfu.kz корпоративтік сайтында орналастыру үшін облигацияларды сатып алу жағдайының туындауы себептерінің толық сипаттамасын және облигациялар ұстаушылардың Эмитентке талап қоюмен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесін көрсете отырып, жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы жеткізеді.</p> <p>Облигациялар ұстаушылар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында және Эмитенттің www.kfu.kz корпоративтік сайтында облигацияларды сатып алу жағдайының басталуы туралы ақпарат жарияланған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің оларға тиесілі облигацияларды сатып алуын жазбаша түрде талап етуге құқылы.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Проспектінің осы тармақшасында белгiленген облигациялар ұстаушылардың бiрiншi жазбаша талабын ұсыну мерзiмi аяқталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент облигациялар ұстаушылардың облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтiнiштерiн белгiленген мерзiм iшiнде алған кезде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешiм қабылдайды.</p> <p>Эмитент, Директорлар кеңесі орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешiм қабылдаған күннен кейiнгi күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні iшiнде облигациялар ұстаушыларға осындай шешiм туралы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында орналастыруға жазбаша хабарлама жiберу арқылы хабарлайды.</p> <p>Эмитент орналастырылған облигацияларды мынадай бағалардың ең жоғарғысы бойынша: сатып алу күніне жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша, не облигацияларды сатып алу күніне қалыптасқан облигациялардың әдiл нарықтық бағасы бойынша облигацияларды ұстаушының банк шотына Директорлар кеңесiнiң шешiмi туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен кейiнгi күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн iшiнде ақша аудару арқылы сатып алады. Сатып алу рәсiмi облигациялар ұстаушылардың еркін нысанда барлық қажеттi деректемелердi: заңды тұлға үшiн: облигациялар</p>

	<p>ұстаушының атауын, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірін, берілген күнін және органын, орналасқан жерін, телефондарын, бар болса бизнес-сәйкестендіру нөмірін, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрін; жеке тұлға үшін: облигациялар ұстаушының тегін, атын, бар болса әкесінің атын, куәлігінің нөмірін, берілген күні мен куәлікті берген органын, тұрғылықты жерін, телефондарын, банк деректемелерін, жеке сәйкестендіру нөмірін, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрін көрсете отырып, орналастырылған облигацияларды сатып алуға жасалған жазбаша өтініштері негізінде ғана жүзеге асырылады. Облигацияларды сатып алу мәмілелері ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Эмитенттің барлық облигацияларды сатып алуға берілген өтінімдерді бір мезгілде қанағаттандыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, облигациялар ұстаушылардан облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігіне қарай жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем жасау кезінде Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем жасау күнінен дейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда, теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға рұқсат беріледі. Аталған айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті –Облигациялар ұстаушының есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасы резиденті - Облигациялар ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға рұқсат берілмейді. Айырбастау кезінде туындайтын Эмитенттің шығыстары Облигациялар ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға жататын сомадан ұсталады.</p>
3)	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар</p>
	<p>– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық ахуалы туралы ақпарат алуға;</p>
	<p>– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға;</p>

20. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималы бар оқиғалар туралы мәліметтер

1)	<p>басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолттың жариялану ықтималы бар оқиғалардың тізбесі</p>	<p>Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Осы проспектіде көзделген мерзімдерде сыйақыны (купонды) және/облигацияның номиналды құнын төлемеу немесе толық емес төлеу</p> <p>Эмитенттің осы Проспектінің талаптарына сәйкес облигациялар ұстаушыларға төленуге тиіс кез келген соманы төлемеуі жағдайында, Эмитент облигациялар ұстаушыларға әрбір мерзімі өткен күнге ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептелетін өсімпұл төлеуге міндетті.</p> <p>Дефолт туындаған кезде эмитент дефолттың туындауға апарған барлық себептерді жоюға, оның ішінде өзінің қаржылық ахуалын жақсартуға және облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге барлық күшін салады.</p> <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және талаптар бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда міндеттемелерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және талаптар бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің Проспектіде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнының төлемеуі не толық емес төлеуі, егер осындай төлемеу және/немесе</p>
----	---	--

		<p>толық емес төлеу Эмитенттің сыйақыны және /немесе номиналды құнын төлеуге мүмкіндік бермейтін Эмитенттің облигациялар ұстаушының банк шотының дәйексіз не толық емес деректемелерінің алуы, не Тіркеушінің Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде облигациялар ұстаушыларының тізілімін бермеуі нәтижесінде болған жағдайда, облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды</p> <p>Эмитент Проспект бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскері іс-қимылдары, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілер және т.б.) түсініледі.</p> <p>Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің Проспект бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың және оның салдарының әсері етуі уақыт кезеңіне мөлшерлес жылжытылады.</p>
2)	<p>облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кездегі облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, эмитент қабылдайтын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары</p>	<p>Эмитент дефолттан шығудың тиімді жолдарын айқындау мақсатында облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, облигацияларды ұстаушылар алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, кез келген қайта құру, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге шараларды қоса алғанда, Эмитент қабылдайтын шаралар Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталатын болады.</p>
3)	<p>Облигациялар бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда, Эмитенттің облигациялар ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себептері, облигациялар ұстаушылардың өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесі, облигациялар ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қоюмен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері</p>	<p>Дефолт туындаған жағдайда эмитент облигациялар ұстаушыларға дефолттың басталу фактісі туралы проспектіде белгіленген күнге дейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға және Қаржылық есептілік депозитарийіне облигациялар өлшемдерін, купондық сыйақы және /немесе облигациялардың номиналды құны төленуге тиіс күнін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себептерін, облигациялар ұстаушылардың Эмитентке жүгіну тәртібін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесін, сондай-ақ Эмитент өз міндеттемелерін орындау үшін қабылдайтын шараларды және Эмитент облигациялар ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлайтын күнді көрсете отырып, ресми хат жіберу арқылы хабарлауға міндетті.</p> <p>Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті атқаратын өзге тұлғалар көзделмеген</p>

4)	эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік атқаратын тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі (осындай тұлғалар бар болса)	Эмитенттің облигациялар бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ және/немесе субсидиарлық жауапкершілікті атқаратын тұлғалар жоқ
----	--	---

21. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңі бойынша сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Эмитент сыйақы мен негізгі борышты төлеуді Эмитенттің бизнес-қызметінің стандартты моделі шеңберінде ақша қаражатының түсімдері және меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Болжанатын түсімдері бар кесте осы Проспектіге №1 қосымшада көрсетілген

22. Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда)

1)	облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы	Қолданылмайды, осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды
2)	облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері	
3)	облигацияларды ұстаушылар өкілімен жасалған шарттың күні мен нөмірі	

23. Эмитенттің төлем агенті (бар болса) туралы мәліметтер

1)	төлем агентінің толық атауы	Эмитент сыйақыны төлеуді және облигацияларды өтеуді төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай, дербес жүзеге асырады
2)	бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агентінің және оның барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері	
3)	Төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі	

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың сол тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда)

1)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы	Қолданылмайды
2)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері	

3)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен эмитент жасаған шарттың күні мен нөмірі	
----	---	--

Егер эмитенттің пікірі бойынша осындай мәліметтерді ашу эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу жөнінде шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса, эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі

1-қосымша

Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңі бойынша сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

млн. теңге

ТҮСІМДЕР	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Кезең басындағы ақша	2 739	3 141	3 306	3 496	5 290	3 879
Ипотекалық кредиттер пулы бойынша түсімдер	49 332	100 946	172 274	140 638	120 496	126 498
Облигацияларды орналастырудан түсімдер	348 984	322 891	274 728	282 513	270 693	103 442
Капиталды СБ түсімдер	10 900	25 000	-	11 561	-	-
Басқа да түсімдер	128 000	200 000	127 500	143 000	117 000	85 000
ЖИЫНЫ ТҮСІМДЕР	537 216	648 837	574 502	577 712	508 189	314 940
ШЫҒЫСТАР						
Ипотекалық кредиттер пулын сатып алу	290 000	231 700	200 000	220 000	188 400	-
Облигацияларды өтеу	100 000	170 000	145 000	210 000	180 000	140 000
Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу	25 500	36 550	27 625	73 100	91 800	102 000
Басқа да шығыстар	119 000	207 205	201 219	72 818	49 400	71 240
ЖИЫНЫ ШЫҒЫСТАР	534 500	645 455	573 844	575 918	509 600	313 240
КЕЗЕҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША	5 455	6 523	3 964	5 290	3 879	5 578

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағымдарының болжамы дұрыс емес немесе нақты емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмелерін қайта қарауды қоса алғанда), соттық және төрелік қарау нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің, айырбастау бағамының өзгеруін және басқа да нарықтық жағдайларды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгеруге жататын болжамдарға, бағалауға немесе әдістерге байланысты болады. Эмитенттің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Жоғарыда көрсетілген болжамдарды тексермеген және/немесе растамаған.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздемелердің туындауы салдарынан осы қосымшада көрсетілген қандай да болмасын болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізуге міндетті емес және ниетті емес